

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№20
(942)

Бейсенбі, 19 мамыр 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Облыста

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ - БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ

17 мамыр күні Петропавлда Қазақстан халқы Солтүстік Қазақстан облыстық ассамблеясының XXI сессиясы болып өтті.



Сессия жұмысын ашқан өңір басшысы Ерік Сұлтанов Ассамблея мүшелері мен сессияға қатысушыларға биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толатынын, осы ширек ғасырда еліміз ғасырға пара-пар жолдан өткенін айта келіп, 20 жыл уақыттан бері Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан қауымдастығының бірлігі мен келісімінің сенімді көпірі болып отырғанын жеткізді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында алға қойылған тапсырмаларды жүзеге асырудың қорытындылары және Елбасымыз, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» тақырыбымен өткен XXIV сессияда жүктеген міндеттері сессияның күн тәртібінде қаралған үш мәселенің бастысы болды.

Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының XXII сессиясына қатысушылар үндеу қабылдады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің шешіміне сәйкес бір топ азаматтар Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының аясында ел бірлігін нығайтуға, мәдениетаралық диалогты дамытуға және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен, Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен, сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

* * *

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНДЕ БОЛДЫ

16 мамырда облыс әкімі Ерік Сұлтанов ауқымды жөндеу жұмыстары жоспарланған бірқатар білім беру мекемелерінде болды.



Мектептерді аралау Бірінші қалалық гимназиядан басталды. Мектеп ғимараты 1964 жылы салынған, содан бері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы 10 млн. теңге қаржы бөлінген.

«74 терезені алмастыру қажет, — деді Бірінші гимназия директоры Наталья Букатова, — және жылу тарату құбыры жоғарыда орналасқан соң бірінші қабат ылғи суық болатын».

Бұдан басқа гимназияға шатырды ауыстыру, су құбырың санитарлық торап пен кабинеттерді жаңарту жұмыстарына 6 млн. теңге бөлінді. Жөндеу жұмыстарын оқу жылы мен сынақ кезең аяқталған соң маусымның 5-6-ы бастау жоспарланған.

Күрделі жөндеу жұмыстары «БЭСТ» гимназиясында да жүргізіледі. 137 терезе ауыстырылады, бұл мақсаттарға 23 млн теңге, ал санитарлық торапты ауыстыруға 6 млн теңге бөлінген.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға мамандандырылған №1 мектеп-интернатының шатырын алмастыру жұмыстарына құрылысшылар жақын арада кіріспек. Сабақ беру кабинеттері де жаңартылады. Қаржыландыру көлемі 14 млн. теңге.

Жұмыс сапарының соңында Ерік Сұлтанов білім беру, денсаулық сақтау мен мәдениет саласындағы нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары 2015 жылға қарағанда екі есе өскендігі, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында қаржы бөлінгендігін айтты.

«Үстіміздегі жылы 105 қазандық жаңасына ауыстырылады. Бұл оқу орындарындағы қалыпты температураны сақтау үшін жасалады. Өткен оқу жылында жаңа қазандықтар қойылғаннан соң, мектептер жылы болды. Бұл жұмыс міндетті түрде жасалады», — деді өңір басшысы. — Барлық жұмыстарды сапалы және жақсы деңгейде жасау үшін осы үш айды тиімді пайдалану қажет».

Ағымдағы жылы облыс орталығының 19 мектебіне жөндеу жұмыстары жүргізіледі, бұл мақсатқа 200 млн. теңгеден астам қаражат бөлінген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

БІЗДІҢ АРМАНЫМЫЗ - МӨҢГІЛІК ЕЛ БОЛУ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына жақындап та қалдық. Осы уақыт аралығында елімізде едәуір ірі көлемдегі мемлекеттік қалыптасулар болды. Қазақстан радикалды реформаларды жүзеге

асырып және экономикалық, әлеуметтік, саяси жүйені модернизациялау жолында сенім қадам басып келеді.

Қазіргі таңда біз әлемдік экономикалық жүйеде көрініс беріп тұратын нарықтық экономикасы дамыған елде өмір сүреміз. Қазақстан Президенті — Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нақты міндеттерді айқындап берді: «Біздің алдағы тұрақты қимылымыздың басты шарты — ол біздің қоғамымыздың алға қойған мақсаттарға жетудегі мығымдығы, стратегия айналасындағы тұрғындарының барлық топтарын біріге шоғырландыру бағытталған жалпы міндеттердің шешімі... Біз алға қойған мақсатымызға алып келуі үшін не құруды қалаймыз, оның жолы және біздің дамуымыздың магистралі қандай болуы керек екенін нақты білуіміз және түсінуіміз керек».

Ел басына күн туған нарықтық экономикаға көшу жылдары, 2008-2009 жылдардағы дағдарыс пен қазіргі дағдарыс уақытында бүкіл ел болып Қазақстан Республикасы Президентінің курсын қолдады, ал өз кезегінде Мемлекет басшысы тұрғындарды қорғау үшін және болған жағдайдың жағымсыз тұстарын жою үшін дағдарысқа қарсы шаралар қолданады.

Бейбітшілік пен келісім салтанат құрған көпұлтты еліміз Қазақстанның жеткен жетістігінің ең басты байлығы ретінде Ұлт көшбасшысының бастамасымен құрылған әлемде теңдесі жоқ Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ерекше мәнге ие. Сонымен қатар, Қазақстан алғашқы болып ядролық қаруды қолданудан бас тартты және үстіміздегі жылдың 31 наурызында Вашингтонда өткен «Әлем. XXI ғасыр» Маніфесінде Қазақстан Республикасы Президенті барлық елдерін ядролық қаруды қолданбауға және одан бас тартуға шақырды.

Тәуелсіздік жылдары жаңа Елордамыз Астана — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығы арқасында Отанымыздың жеткен жетістіктері мен өркендеуінің айқын айғағы, қарқынды дамуымыздың, береке-бірлігіміздің жарқын көрінісі, Тәуелсіз Атамекеніміздің жаңа тарихының шынайы шежіресі.

Жыл сайын өзгеріп, гүлденіп келе жатқан Елордамыз қонақтарды өзінің көркімен баурап, Еуразияның ең көрікті қалаларының біріне айналып, облыстарға, аудандарға үлгі болып дамуға серпін беріп келеді.

Тәуелсіздік жылдары елмен бірге Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық өмірінде де түбегейлі өзгерістер болып отырды. Аудан экономикалық өсімінің сенімді көрсеткішін көрсетті. 1997 жылы ауданның әкімшілік-аумақтық құрылымы қайта құрылып, Володар және Арықбалық аудандары бірігіп, Айыртау ауданы құрылды. Осы қиын кезеңде аудан әкімі болып А. Әбілқайыров көп жылдар еңбек етіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға зор үлесін қосты. Тоқсаныншы жылдардың екінші жартысынан кейін ірі колхоздар мен совхоздардың орнына жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, фермерлік және шаруа қожалықтары пайда бола бастады. Мемлекет меншігінен жекеге көшіру жүргізілді, жаңа кәсіпорындар ашылып, жеке кәсіпкерлер өз істерін бастады. Бүгінгі күні ауданда 345 кәсіпорын және 1498 жеке кәсіпкер қарқынды жұмыс істейді. Жыл сайын ауданда 40-қа жуық кәсіпкерлік нысандары ашылады.

90-жылдардағы дағдарыс өткеннің өншісінде кетіп, экономикамыз түзеліп, айналым ала бастады. 2015 жылы Айыртау ауданында 4 млрд. 360 млн. теңге көлемінде өндірістік өнімдер өндірілді, бұл тәуелсіздік алған кездегі көрсеткішпен салыстырғанда 36 есеге артық, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көрсеткіші 28 млрд. 980 млн. теңге, ол 1992 жылмен салыстырғанда 6 есеге көп.

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласында талассыз үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. 1992-2015 жылдар аралығында еңбек ақы көлемі 12 есеге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен зейнетақы төлемі орташа көлемі 8 есеге артты. Табысы күнкөрістің ең төменгі көлеміне кіретін тұрғындар үлесі 16 есеге қысқарды.

Мемлекет қолдауының арқасында ауыл шаруашылығының ескі техникалары агротехникалық шараларды белгіленген уақытта және барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін шетелдік өндірушілердің жаңа жоғарыөнімді агрегаттарымен жаңаланды. Жыл сайын дәнді дақыл өнімі артып, майлы және жем-шөп дақылдарының алаңы кеңеюде.

Соңғы жылдары ауданда мал шаруашылығын дамыту бағыты ерекше қолға алынып, мал шаруашылығын өркендетуге арналған мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асырылып отыр. Тек өткен жылы ғана 2035 бас ірі қара мал сатып алынса, олардың 429-ы «Сыбаға» бағдарламасының аясында алынды және «Ырыс» бағдарламасының негізінде 100 бас асыл тұқымды малмен сүт фермасы құрылды. «Құлан» бағдарламасы бойынша 174 бас жылқы, «Алтын Асық» бағдарламасы бойынша 610 бас қой алынды.

Ауданда бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан кәсіпкерлік



нысандарымен қатар, Тәуелсіздік жылдарында да жаңа нысандар іске қосылды.

Дәнді және майлы дақылдардың егістік алаңының үлкеюіне және элеваторлардағы құрылғылардың ескіруіне байланысты ауданымызда жаңа элеваторлық және дақылдарды кептіретін тізбектер құрылысын енгізу туралы жұмыс жүргізілді. Соңғы бес жылда «Айыртау Астық» ЖШС, «ХПП Баянтай» ЖШС, «Игілік Продукт» ЖШС-терінде шағын элеваторлар мен 6 ауыл шаруашылық қожалықтарда ірі астық сақтау қоймалары тұрғызылып, қолданысқа берілді, ал жақындағы жоспарымыз бойынша тағы 3 элеватор саламыз.

Ауданда азық-түлік өнімін шығарумен 45 кәсіпорын айналысады, соның ішінде 8 дүірмең, макарон өндіретін 3 цех, жартылай ет өнімдерін даярлайтын 6 цех, 1 кондитер цехі, сүт өнімдерін қайта өңдейтін 3 кәсіпорын және 24 наубайхана. Өнімнің барлық түрін өндіретін жетілдірілген өндірушілер көлемі ұлғайды.

Шикі және дайын өнімдерді де қайта өңдеу өндірісі дамуда: «Өмренов» ЖШ және жанауларды сатып алу, сою, жартылай ет өнімдерін шығаруды жүзеге асырады, «Баян» ШЖ өз дүкенінде шығарылған ет пен сүт өнімдерін сатумен айналысады. Қазіргі уақытта ауданымызда біздің кәсіпкерлеріміздің өз өнімдеріне қол жеткізуге болады: нан және кондитерлік өнімдер, ұн, жартылай дайын ет өнімдері, жарма, макарондар, сүт өнімдері және т.б.

Өңдеу саласында өз жұмысын «Ғасыр Айыртау» ЖШС, сүт өнімдерін өндіруде «Каракез» ШЖ цехы, құстарды жеткізуде «Дзауров» ШЖ және де басқа кәсіпорындар өз жұмысын сәтті жүргізуде. 2015 жылы ағашты тереңінен өңдеу жұмысы бойынша «Компания Углежог» ЖШС цехы, тұрып қалған «Керемет» АТК-нің орнына «Гормолзавод» ЖШС филиалы ашылып қарқынды дамып келеді.

Құрылыс материалдарын, асфальт, пеноблок, қиыршық тас өндіретін кәсіпорындар да іске қосылды.

2007 жылдан бастап «Сырымбет» АҚ-мен Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму картасына енген қалайы кен орнының жобалау жұмысы жүргізілуде. Қазіргі таңда 1,7 млрд. теңгеге электрталымалдағыш желісінің құрылысы жүргізілуде, кен байытқыш комбинаттың құрылысы мен көлік және темір жолдың құрылысы жоспарлануда. Аталған жоба 2018 жылы жүзеге асырылып, 700 жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Тәуелсіздік жылдары ішінде тұрғын үйлер құрылысына инвестиция көлемі өсуінің арқасында аудан орталығы - Саумалкөл селосында 4 коммуналдық тұрғын және 50 жер үйлері іске қосылды. Соғыс және еңбек ардагерлер, бюджет саласының қызметшілері, жас және көп балалы отбасылар, жетім балалар, жабылып жатқан ауылдардан тұрғындары санынан 240 отбасы жаңа үйлерде қоныс алды. Биыл Саумалкөл селосында отбасылық жатақхананың қайта құрылысы жоспарланған.

«Ауызсу» және «Ақ бұлақ» бағдарламалары бойынша 4 су құбыры мен 5 локалды сумен қамту пунктін салынды. 3 елді мекенде су құбырын салу жоспарланған, ауданның 17 ауылын сумен қамтуға жобалық құжаттар әзірленуде.

Жыл сайын аудан жолдарын жөндеуді қаржыландыру ұлғаюда және соңғы 3 жылда облыс әкімінің қолдауымен 3 млрд. теңгеден аса қаражат бөлінді.

Айыртау ауданының сулу табиғат пен тарихи-мәдени мұраларының арқасында туризмді дамытудың әлеуеті жоғары. Туристтік демалыс орындарының саны өсіп, қазіргі уақытта 34 туризм нысаны бар. Тек өткен жыл ішінде біздің ауданда 30 мыңнан астам турист демалды. «Заря», «Сокол» және «Чайка» балаларды сауықтыру орталықтары республиканың барлық жерлерінен балаларды қабылдайды. Соңғы жылдары инфрақұрылымның дамуына және туристерге сервистік қызмет көрсету жақсартылды. Солтүстік Қазақстан облысында туризмді дамыту Шебер-жоспары бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес алдымызда тұрған мақсаттарымыз да көп.

Жалғасы 2-бетте.

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

БІЗДІҢ АРМАНЫМЫЗ - МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУ

Жалғасы. Басы 1-бетте.
Экономиканың серпінді дамуы ауданның денсаулық, білім беру, спорт және мәдениет әлеуметтік саласындағы мәселелерді табысты шешуге, аудан тұрғындарының әлауқатын тұрақты жақсартуға жол берді. Азаматтарды жұмыспен қамту арқылы, орта кәсіби білімнің қолжетімділігін асыру, атаулы әлеуметтік көмек және басқа да мемлекеттік салалық бағдарламалардың аясында қолданылған шаралар арқылы кедейлік деңгейін төмендету бағытында үлкен жұмыс жүргізілді.

Жыл сайын әлеуметтік маңызы бар нысандардың материалды-техникалық базасын нығайтуға бөлінген қаржыландырудың көлемі ұлғаюда. Еліміздің 25 жылдық Тәуелсіздігі тұсында Шүкірлік, Қарасай батыр және Кирилловка елді мекендерінде жаңа мектептер ашылды. «Балауса», «Балапан», «Қарлығаш», «Балдырған» балабақшалары және 43 шағын орталығы ашылып, іске қосылуымен аудан бойынша бүлдіршіндер мектепке дейінгі білім берумен толық қамтамасыз етілуде. Жақын болашақта Имантау селосында мемлекеттік жеке меншік әрекеттестігі аясын-



спорт объектілерінің материалды-техникалық базалары нығайтылып, 22 хоккей корты мен 8 стадион салынды. Биыл Арықбалық селосында жаңа стадион, Саумалкөл селосында жабық корт пен 2 футбол алаңы іске қосылады. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша аудан орталығында көше тренажерлары орнатылды және дене жаттықтыру залының ашылуы жоспарланған.

Қазақстан 100 және одан да көп жыл ішінде өткен көптеген алпауыт елдердің жолын ширек ғасыр ішінде өтіп, әлемдегі 50 тәуекелге қабілетті елдер қатарына кірді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірлігіміз бен еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрды» - деп атап өтті. Бірлік, еңбекқорлық және шыдамдылық біздің халқымызға тән қасиет, талай сынақтан өтуде көмектесті және болашақта өлемнің дамыған 30 елдің қатарына кіруге көмегін тигізетініне күмәншіл жоқ.

Әрбір қазақстандық азаматқа өз еңбегімен, білімімен, ынтымағымен биік дәрежелерге жетуге мемлекет тарапынан мүмкіндік жасалып отыр, сондықтан мен өзімнің кіші буыннан биік және



да жаңа балабақшаның құрылысы жоспарланған.

Ауданның денсаулық жүйесі орталық аурухана, 10 дәрігерлік амбулатория, 61 медициналық және фельдшер-акушерлік пункттің қызмет етуімен ұсынылған. Тәуелсіздік жылдары аудандық орталық ауруханада, Арықбалық, Казанка дәрігерлік амбулаторияларында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Айыртау селосында жаңадан салынған дәрігерлік амбулатория іске қосылды. Аудандық денсаулық саласы жетілдірілген медициналық жабдықтар мен санитарлық автокөліктермен қамтамасыз етілуде.

Ауданда қызмет ететін 54 мәдениет ұйымынан, 28-і еліміздің егемендік жылдары ішінде ашылған. 1993 жылы ашылған Айғаным қонысы, 1999 жылы - Қарасай және Ағынтай батырлардың мемориалдық көшені республикалық маңызды нысандары деп аталып, туристердің ең сүйікті мекендерінің біріне айналды. Бюджеттен бөлінген қаржы және демеушілік құралдарына мәдениет мекемелерінде жыл сайын жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Халықты дене шынықтыру мен спортқа баулу мақсатында, ауданда 232 спорт нысаны қызмет етуде. Үнемі спортпен айналысатын 103 ұжымның санынан аудан тұрғындарының 31 пайызы спортпен шұғылдануға тартылғанын айтуға болады. Соңғы жылдар ішінде



жауапты лауазымға дейін өсуім Еліміздің Тәуелсіздігінің нәтижесі деп ойламын.

Ел экономикасының барлық саласында өз ісіне берілген, өз Отанының патриоттары бола білген керемет адамдар еңбек етеді. Олар Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі үшін күш-жігерлерін, білімдері мен дарындарын аянбай салатынына сенемін.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Өз дініне берік бол!

БҮГІНГІ ЖАС – ЕРТЕҢГІ ЕЛ ТҮТҚАСЫ

Ислам - адам өмірін сақтаушы, денсаулықтың қорғаны, адамның өзін-өзі құртып, бітіруіне тосқауыл болатын ғажайып нәтижелер жиынтығы. Ислам – өмірдегі ең ұсақ құбылыс бөлшегін түсіндіретін жетілген қоғамдық құрылым жүйесі. Ислам – қайырымдылық пен зұлымдықтың не екенін нақты түсіндіре алады, қалай дұрыс өмір сүру, қалай дұрыс тамақтану, қалай бала тәрбиелеу, әйелді қалай қастерлеу, қалай киіну, қоғамдық өмірдегі қатынас сияқты маңызды сұрақтарға жауап бере алады.



16 мамыр күні Саумалкөл қазақ орта мектебінде облыстық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, Солтүстік Қазақстан облыстық «Қызылжар» орталық мешітінің ұстазы Хамзат Қажымұратұлы Әділбеков мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, бүгінгі күні қоғамдағы жастар арасындағы өршіп бара жатқан түрлі жағымсыз қылықтар жөнінде айтып, жаман әдеттерден аулақ болуды, және дұрыс бағытпен жүруді, ата-ананы құрметтеуді, ата-бабамыздың ұстанып келе жатқан ислам дінін уағыздап ынтымақ пен бірлікке шақырды. Және де ислам дінінің адамзатты ынтымаққа, өзара түсіністікке, бір-біріне деген сүйіспеншілікке бастайтындығын, сондай-ақ, Құран Кәрім аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінің басым көпшілігі бірлік пен бауырмалдыққа шақыратындығы айтып түсіндіріп берді.

Сонымен қатар осы күні республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, Қарағанды облысының орталық мешітінің наиб-мамы Ербол Тоғаев та ауданымыздағы ЕС-164/8 мекемесінде болып, онда жазасын өтеп жатқан азаматтармен де кездесу өткізді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Аудандық мәслихатта

Мәслихаттың III сессиясы өтті

12 мамыр күні аудандық әкімдік ғимаратының мәжіліс залында депутат Навои Сердалинің төрағалығымен аудандық мәслихаттың III сессиясы болып өтті.

Сонымен қатар, сессияға аудан әкімі Ағзам Тастеміров, облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Еркебұлан Бағрамов, ұйымдар мен ведомстволардың, кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі алғашқы мәселе экономика және қаржы бөлімінің басшысы Марал Рамазанованың 2015 жылғы Айыртау ауданының бюджетінің орындалуы туралы баяндамасы болды.

Екінші мәселе бойынша «Аудан әкімі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің құрамы туралы» аудан әкімінің жастар саясаты мәселесі бойынша кеңесшісі Әсет Қожахметов ақпараттандырды.

Сондай-ақ, сессияда облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Еркебұлан Бағрамовтың Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы жұмысының қорытындысы бойынша 2015 жылы ауданның жергілікті бюджетінің орындалғаны туралы баяндамасы тыңдалды.

Сессия соңында аудандық мәслихаттың IV сессиясының күн тәртібі қабылданып, төрағасы болып Владимир Казаркин сайланды.

Өз хабарымыз.

Қоғам және заң

Кәсіпкерлер құқығын қорғау

Кәсіпкерлер құқығын қорғау – прокурор қызметінің басым бағыты болып есептеледі. Бұл контексте прокуратура орандарымен тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шарттармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Прокуратура органының бірден бір маңызды міндеті бизнесті мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу процесі кезінде туындайтын заңдылықты қамтамасыз ететін мәселелерді шешу болып табылады.

Қазіргі таңда толық жұмыс жасайтын кәсіпкерлерді қорғауға бағытталған бірқатар заңнамалық актілер қабылданған. Осындай Заңның әрбір нормасы құқыққорғау және мемлекеттік органдар мен бизнестің күнделікті қызметінде тәжірибе ретінде қолданылып отырылуы керек.

Айыртау ауданының прокуратурасында құрылған кәсіпкерлер құқығын қорғайтын мобильді топтың мақсаты – қолданыстағы заңнаманың бұзылғандығы белгілі болған жағдайда кәсіпкерлік субъектілерінен келіп түскен дабылды бақылау мен қадағалау органдарының барабар шараларды қабылдауы.

Қадағалау тексерісінің нәтижесі жеке мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын бұзып отыратындығын көрсетеді.

Ағымдағы жылдың басынан бері 19 кәсіпкердің құқығы қорғалды, айтып өткендей олардың барлығының құқығы жеке мемлекеттік органдардың араласуымен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шектелген.

Осы мәселеге байланысты ауданның барлық кәсіпкерлерінің назарына егер де Сіз аталған немесе басқа да мемлекеттік органдар Сіздің құқығыңызды бұзды деп есептесеңіз, соның ішінде оларға тексеріс жүргізіп, заңдылыққа күмән келтірсеңіз төмендегі байланыс телефондары арқылы аудан прокуратурасына хабарлауыңызды сұраймыз: **22-454, 22-697** немесе жазбаша арызбен мына мекен жайға келуіңізге болады: **Саумалкөл ауылы, М. Янко көшесі, 54 үй.**

Аслан РИЗАНОВ,
Айыртау аудандық
прокуратурасының аға прокуроры.

Спорт

ЕРМАХАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ЧЕМПИОНЫ

Мамыр айының 9-14 жұлдызы аралығында Тараз қаласында Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлын еске алуға арналған бокстан дәстүрлі халықаралық турнир болып өтті.



Аталмыш додада өңіріміздің намысын қорғаған айыртаулық былғары қолғап шебері Ермахан Бақытов 48 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Турнирге еліміздің барлық облыстары мен қалаларынан және Қырғызстан мен Тәжікстаннан былғары қолғап шеберлері қатысты.

Шаршы алаңда Ермахан Жамбыл облысының, Қырғызстан елінің, Астана және Түркістан қалаларының боксшыларымен қолғап түйістіріп, айқын басымдықпен жеңіс тұғырына көтерілді.

«Осы үш жылдың ішінде Ермахан қыркүйек айында өткен халықаралық жарыстардың бірінде спорт шеберлігіне үміткер нормативін орындады. Енді бұдан да биік белестерді бағындырып, әлем чемпионаты мен олимпиаданың алауында қазақ елінің намысын қорғап, абыройын аспандату басты межеміз. Ол үшін бізге өте көп еңбектену керек. Ештеңеден аянбай, бар мүмкіндігімізді көрсету керек. Менің де осы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне бапкерлік жұмысқа келгеніме 3 жылдың жүзі болыпты. Ермахан екеуіміздің бірге жұмыс жасап келе жатқанымызға да осынша жыл. Осы уақыт аралығында тек Ермаханның жаттығуы мен бабын келтіруге көп күш салдым. Шәкіртім үмітімді ақтап жүр. Біз мұнымен тоқтамаймыз. Біз бағындырар белестер алда жатыр», – деген Рауан Аязбаев сәуір айының 26-30 күндері Петропавл қаласында өткен Солтүстік Қазақстан облысының бапкерлерін еске алуға арналған республикалық турнирде Ермаханның 2 орын алғанын атап өтті.

Сонымен қатар, Рауан Жұмағазыұлы өз атынан және боксшы шәкірті Ермахан Бақытовтың атынан Тараздағы турнирге қатысуға демеушілік жасаған «Ғасыр Айыртау» ЖШС директоры Валентин Лыткинг, «Баянтай» ЖШС директоры Сырымбет Есғәлиевке, Мұнай базасының директоры Жұмабай Абжановқа алғыстарын жеткізді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 11 мамырдағы №165 қаулысы

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы
әкімдігінің «2016 жылы Айыртау ауданында
қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы»
2015 жылғы 7 желтоқсандағы №413
қаулысының күші жойылғанын тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабына, 49-бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 413 «2016 жылы Айыртау ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысының күші жойылғаны та- нылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 08 қаңтарда № 3532 болып тіркелген, 2016 жылдың 21 қаңтарында «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» аудандық газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Науановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
аудан әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 11 мамырдағы №166 қаулысы

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы
әкімдігінің «2016 жылға Солтүстік Қазақстан
облысы Айыртау ауданының аумағында
тұратын мақсатты топтарға жататын
тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу және
мақсатты топтарды анықтау туралы» 2015
жылғы 11 желтоқсандағы №423 қаулысының
күші жойылғанын тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабына, 49-бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 423 «2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу және мақсатты топтарды анықтау туралы» қаулысының күші жойылғаны танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 3523 болып тіркелген, 2016 жылдың 07 қаңтарында «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» аудандық газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Науановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
аудан әкімі.

**Солтүстік Қазақстан облыстық
қаржы басқармасымен көрсетілген
мемлекеттік қызметі**

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілер тізіліміне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы» атты бір мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі көрсетіледі. Бұл қызмет түрі тегін негізде қағаз нысанында көрсетілетін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары Қазақстан Республи- қасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 бұйрығымен бекітілді және Әділет министрлігінде 2015 жылғы 25 мамырда № 11154 болып тіркелді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенті Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 486 қаулысымен бекітілді.

Мүлкті жеке меншіктен мемлекеттік меншікке беру Қазақстан Респу- бликасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасымен регламенттелген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетудің бұдан арғы тиімділігі және көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына қанағаттануын арттыру мақсатында қаржы басқармасына мынадай міндеттер қойылды:

мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағым түсіру (негізделген шағымдар бойынша шаралар қабылдау);
мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібі туралы стөндтер, ресми интернет ресурстар арқылы халықты уақытында ақпараттандыру;
мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламентін уақытында қабылдау.

Сондай-ақ мақсаттардың бірі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер са- ласында қызметкерлердің біліктілігін арттыру болып табылады. Осыған байланысты қаржы басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру өңірлік орталығында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тура- лы» ҚР Заңын іске асыруға қатысты тақырыптар бойынша мамандарды оқыту жоспарланатын отыру.

Солтүстік Қазақстан облысы қаржы басқармасының ресми сайтында («df.sk.gov.kz») «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде тиісті ақпарат пен мемлекеттік қызметтерді көрсетуді регламенттейтін нормативтік- құқықтық актілер бар.

2015 жылдың және 2016 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша қаржы басқармасымен мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша сыйға тарту шартын жасау туралы олар бойынша шешім қабылдаған мүлкті мемлекетке өтеусіз беру туралы көрсетілетін қызметті алушылардың 8 өтініші қаралды.

Қаржы басқармасымен көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша шағымдар мен мерзімдердің бұзылуы жоқ.

Сөнім телефонны (8 (7152) 463005)

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департаменттің байланыс телефоны: (8 (7152) 502419).

СҚО қаржы басқармасы.

Қазтелерадио отандық KazSat-3 жерсерігіне көшуде

Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу, сондай-ақ отандық цифрлық телехабар тара- ту желісінің дамуы мен оның артықшылықтары туралы «Қазтелерадио» АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры Нұрбалиев Ғалымбек Қойшыбекұлы айтып беруін сұрадық.

Сұрақ: Ғалымбек Қойшыбекұлы, ең алдымен «Қазтелерадио» АҚ қазақстандық KazSat-3 жерсерігіне көшуі туралы айтып берсеңіз.

- Өздеріңіз білетіндей, «KazSat-3»жерсерігі ғарыштық қолдануға 2014 жылдың желтоқсан айында жіберілген болатын, соның арқасында Ұлттық телерадиохабар тара- туы отандық жерсерікке көшіруге мүмкіндік туды. Қазірдің өзінде 14 қазақстандық кәсіпорын KazSat сериясындағы ғарыш аппаратын қолдануда, олардың арасында Қазақстан Республикасының ірі телекоммуникациялық операторлары, ұлттық компаниялар, әскери құрылымдар, тәртіпсақтау органдары, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ елміздегі жеке меншік компаниялар да бар.

Қазақстан Республикасының телерадиохабар тарату Ұлттық операторы «Қазтелерадио» АҚ да өзінің цифрлық телеарналарының хабар таратуын шетелдік жерсеріктен отандық жерсерікке көшіруді бастады, ағымдағы жылдың 15 наурызынан бастап хабар тарату екі жерсеріктен де жүргізіледі, алайда бұл уақытша шара, ері көшу кезінде қазақстандық тұтынушылар желіден қол үзіп қалмауы үшін қолға алынып отыр.

Сұрақ: қазақстандық жерсерікке көшудегі басты мақсаттар қандай?

- «KazSat-3» телекоммуникациялық ғарыш аппараты байланыс, телехабар тарату және Қазақстан аумағында жоғары жылдамдықты Ғаламтор желісі қызметтерімен қамтамасыз етуге бағытталған. Ел аумағында телевизия- ны таратуға жағдай жасаудан басқа «KazSat-3» жерсерігі еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін арттырып, мемлекеттік органдарды тәуелсіз байланыс арналарымен қамтамасыз етіп, шетелдік жерсеріктерді жалдауға кететін қаражатты үнемдеуге мақсатталған. Ал бұл зейнетақы, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы, жәрдемдпулдар және т.б.

Сұрақ: отандық жерсерікке көшу – мемлекеттік маңызы бар стратегиялық іс-шара. Көшкен соң көрермен үшін қандай артықшылықтар болады, әлде айырмашылық байқалмай ма?

- Қазірдің өзінде хабар таратудың цифрлық стандарты пайда болғалы, телекөрсермөндер бейне мен дыбыстың сапасына жоғары баға беріп жатыр. Халыққа «цифрдың» артықшылықтарын түсіну үшін уақыт керек. Алайда цифрлық хабар тарату сигналының болашағы зор екеніне қазірден күмән жоқ. Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу біздің «OTAU TV» жерсеріктік телевизия абоненттері қосымша SD арналарды цифрлық сапада көре алады. Сондай-ақ, HD-арналарды (жоғары айқындықтағы арналар) қосу мүмкіндігі бар, ол ағымдағы жылдың екінші жартысында ақылы топтаманы қолданушыларға қолжетімді болады.

Сұрақ: тіркелген абоненттерді басқа жерсерікке көшіру қалай жүргізіледі? Тұрғындарға жаңа антенна сатып алу керек пе, әлде мысалы теледидарда арналарды күйге келтірсе жетіп жатыр ма?

БЖЗҚ-ның дәстүрлі айда- рында біз БЖЗҚ қызметіне және жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты жиі қойылып жүрген сұрақтарға жауап береміз.

1.БЖЗҚ-дан үзінді көшірмені жы- лына бір рет пошта арқылы ала- мын Алайда, өз зейнетақы шотым- ды жиі тексеріп тұрсам ба деп едім. Оны қалай істеуге болады?

Ол үшін жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат алудың өте ыңғайлы әрі жылдам тәсілін таңдайсыз. Мысалы, салымшының жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініште немесе жекелеген келісімде көрсетілген электрондық мекенжайы- ына хабарлама жіберу. Салымшы электрондық мекенжайына үзінді- көшірме (ай сайын немесе тоқсан сай- ын) алу кезеңділігін өзі белгілейді. ЖЗШ жай-күйі туралы ақпарат алудың тағы бір жылдам тәсілінің бірі – www.enprf.kz сайтындағы «Интернет-үзінді көшірме» арқылы алу тәсілі, ол үшін логин мен пароль не электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болу керек. Сондай-ақ «интернет қызметі арқылы өзінің өтініш жасауы» деген хабарлау тәсілін таңдап, БЖЗҚ мамандарының Android және iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттер- ге арналған ENPF ұялы қосымшасын пайдалануға болады, бұл үшін де логин мен пароль керек. Салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға жеке басын куәландыратын құжатымен келіп, өтініш жасай отырып және хабарлау тәсілін өзгерту/белгілеу туралы келісім жасап хабарлаудың басқа тәсілін белгілей немесе таңдай алады.

2. Интернет-үзінді көшірмені қарау үшін логин мен парольді қалай тіркеуге болады?

Пайдаланушының логині мен парольін пайдалана отырып, интернет арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты қарау үшін БЖЗҚ-ға өтініш жасап, хабарлау тәсілін өзгерту/ анықтау туралы келісім жасау керек. Салымшы мұны «Қазақстан Республи- қасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 57-бабында көзделген зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау туралы заң нормала- рын сақтау үшін жасайды. Логин мен парольді тіркеу/қайта тіркеу www.enprf.kz сайтының «Интернет-үзінді көшірме» бөлімінде тікелей жүзеге асырылады.

3. enprf.kz сайтында зейнетақы

калькуляторын көрдім. Бұл не?

Зейнетақы калькуляторы – бұл еңбек қызметінің басынан бастап әзірлеуге, жеке зейнетақы жоспарларын құруға арналған көмекші құрал. Оның көмегімен салымшының болашақтағы зейнетақысының болжамды мөлшерін көруге болады.

Бүгінгі күннің зейнеткер алушылары ағымдағы зейнетақы калькуляторының көмегімен міндетті зейнетақы жарна- лары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары төлемінің мөлшерін есептей алады.

Болжамды зейнетақы калькуляторын зейнет жасына толмаған салымшылар пайдалана алады. Бұл калькулятор ортақ, базалық, жинақтаушы және ерікті зейнетақыны болжаммен есептеуге арналған. Есеп инфляцияның өсуіне, инвестициялық кірістілікке, жалақының өсуіне қарай болжамдарға негізделген. Есеп нәтижесі түрлі болжамды деректермен ерекшеленетін оптимистік, реалистік және пессимистік деп ата- латын сценарий бойынша беріледі. Зейнетақы калькуляторы зейнетке шыққанда болатын төлемдер туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қор салымшыларықажетті деректерді енгізе отырып, зейнетке шыққан кездегі зейнетақы төлемдерінің жиынтық сомасын есептей алады және дәл қазірден бастап жеке зейнетақы шотына аударымдардың қаншалықты жеткілікті түрде жасалып жатқанын да ойлауға болады. жинақтардың басқа құралдарың қолдана отырып, алдағы зейнетақы жасына жеткенге дейінгі жиынтық зейнетақыны көбейтуге болады – мысалы ерікті зейнетақы жарналары. Тіпті тұрақты негізде жа- салатын ең төменгі ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы жинақтарын едәуір көбейтуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, өз пайдасына енгізілетін ерікті жарналарының сомасы оны са- лымшы БЖЗҚ-ға өз бетінше аударған кезде салық салудан босатылады.

Зейнетақы калькуляторы арқылы есеп жасай отырып, болашақ зейнетақы мөлшерінің зейнетақы жарналарының жүйелілігі мен толықтығына байла- нысты болатынына көз жеткізуге болады. Зейнетақы калькуляторы- мен (ағымдағы/болжамды) жұмыс қағидаларымен enprf.kz сайтында орналастырылған «Жадынамадан» таныса аласыз.

4.Өткен жылы зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістер негізінде 2018 жыл-

- Бұл жағдайда абоненттерге жерсеріктік қондырғыны күйге келтіру керек. Өйткені 58,5 градус деген жаңа геостационарлық позиция бекітілген («Intelsat 904-тен» хабар тарату кезінде 60 градусық позиция бекітілген болатын), әйтпесе жерсеріктік антенна қазіргі жағдайында сигнал қабылдай алмайды. Ол үшін үйретуші материал жаса- лып, бейнеролдик түсірілді. Оны www.otautv.kz және www.kazteleraudio.kz сайттарынан көріп, жүктеп алуға болады. Егер үйде түрлі себептермен қондырғыны күйге келтіретін адам табылмаса, өзара келісіммен авторластырылған дилерлердің көмегіне жүгіне алады. Дилерлер барлық облыстың барлық ауданында бар. Байланыс мәліметтері www.otautv.kz сайтында көрсетілген.

Абоненттердің назарына тағы бір жәйт, абонент қондырғыны күйге келтірген соң, бұл жөнінде 193 немесе 7193 телефондары арқылы call-орталыққа, сондай-ақ өз өңіріндегі Сату орталығына хабарласып, дербесшот пен байланыс телефон номерлерін қалдыруы керек. Сонда абонент көгілдендірілген сыйлыққа ие болмақ.

Сұрақ: Сіз цифрлық телевизия тақырыбын да қозғадыңыз. «Жаңа технологиялар» заманында уақыт талабына сай өмір сүруіміз қажет екені белгілі. «Цифрлық стандартқа көшу» - сәнге еліктеу ме, әлде әлемнің барлық мемлекеттеріне қойылатын талап па?

- Ең алдымен цифрлық хабар таратудың не екеніне тоқталғым келеді, бұл – бейнесигнал мен дыбыс сигналын кодтау арқылы телевизиялық бейне мен дыбысты цифрлық арналардың көмегімен тарату технологиясы. Заманауи цифрлық телевизияның негізі болып – MPEG мәліметтерін сығу стандарты табылады. Қарапайым тілмен айтқанда, «цифрдың» артықшылықтары бірден көрінеді. Цифрлық сигнал интервалмен беріледі, сондықтан, түрлі кедергілер оған аз ықпал етеді, әрі жылжып келе жатқан нысандарға хабар таратуға мүмкіндік беріп, бейне мен дыбыстың жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Цифрлық сигнал қуат көзін аз пайдаланады, ал бұл үнемдеу тұрғысында өте тиімді. Цифрлық хабар тарататын мультиплекстің бір арнасы арқылы 15 телерадиоарнаны жеткізуге болады, ал аналогтық жүйеде бір арна бір жиілікті алатын. Цифрға көшу аналогтық жиіліктерді босатады. Оларды басқа да телекоммуникациялық мақсаттарда қолдануға болады.

Цифрлық телевизия үшін жиіліктерді үлестіру Женева- да өткен Аймақтық радиобайланыс конференциясында жүргізіліп, «Женева-2006» келісімі бекітілген. Оған 100-ден астам әлем мемлекеті қол қойды, арасында Қазақстан Ре- спубликасы да бар. Әрбір мемлекет цифрлық телехабар тарату желісіне көшудің өз тәсілін таңдады. Халық саны, ел аумағы, нақты бір елдің қаржылық және техникалық дайындығы секілді факторлар ескерілді. Сондықтан да әлемде «цифрға» көшудің ортақ нұсқаулығы жоқ.

Тағы қосатын бір жәйт, отандық телерадиохабар тарату саласын дамыту – бұл ең алдымен әлеуметтік мәселе, өйткені телевизия – ойын-сауық мақсаттан бөлек, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты дер кезінде жеткізіп, қоғамның ру- хани дамуы мен экономикалық тұрғыдан гүлденуіне ықпал етеді.

Қызықты әңгімеңізге рахмет, жұмысыңыз алға баса бөуіне тілектеспіз!

БЖЗҚ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ

дан бастап болашақ зейнетақымыз қандай құрамдауыштардан қалыптасады?

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде 6 күнтізбелік ай еңбек өтілі бар адамдар жинақтаушы және шартты жинақтаушы жүйелерден (бұдан әрі – ШЖЖ) төленетін төлемдермен қатар бюд- жеттен базалық және ортақ зейнетақы алатын болады.

Осылайша, зейнетақы:

1) бюджет қаражаты есебінен
- 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде алты күнтізбелік ай еңбек өтілі болғанда еңбек зейнетақысы;
- мөлшері еңбек өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуына тәуелді болатын базовой зейнетақы;

2) жинақтаушы зейнетақы есебінен
- қызметкердің ай сайынғы табысы- нан 10% міндетті зейнетақы жарнала- ры (бұл 1998 жылдан бері ай сайын жалақыдан 10% аударыла отырып жиналған сома);

- қызметкердің ай сайынғы табысы- нан 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жар- налары (бұл 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды (аса зиянды) жұмыс беруші өз қаражаты есебінен еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына аударатын ақша)

- 2018 жылдан бастап енгізілетін жұмыс берушінің барлық қызметкерлер үшін (олардың еңбек жағдайларына қарамастан) олардың шартты зейнетақы шоттарына жұмыс беруші төлейтін жаңа 5% міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасады. Осы шоттардан төленетін төлемдер ЖМЗЖ жиынтығында ең кемі 60 күнтізбелік күн аударылған жағдайда, 2023 жылдан кейін жүргізілетін болады.

5.Үшінші тұлғаның пайдасына зейнетақы жарналарын жасауға бола ма?

Ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жағдайда үшінші тұлғаның пайдасы- на зейнетақы жарналары аудары- лады. ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау үшін салымшы мен алушы БЖЗҚ дербес қызмет көрсету орталығына келіп, өтініш жасайды. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатын өкеледі.

Байланыс орталығы 8 800 080 1177 (Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін).

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 16 мамырдағы №1 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығы негізінде Айыртау аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2016 жылдың 20 маусымында өткізілсін.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтерінің әкімдіктеріне кандидаттарды ұсыну 2016 жылдың 21 мамырынан бастап 2016 жылдың 26 мамырына дейін жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтерінің әкімдіктеріне кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және дауыс беруге 15 күн қалғанда аяқталады – 2016 жылғы 5 маусымда.

Айыртау аудандық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес сайлауды өткізу іс-шараларын қамтамасыз етсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өткізілуі туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлансын.

4. Осы қаулы «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде жариялансын.

5. Ауданның сайлау комиссиясының құрамы тұрғылықты жері көрсетілуімен «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде жариялансын.

Ермек МЕРҒАСЫМОВ,
Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Айыртау аудандық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 1 қаулысымен бекітілді

2016 жылдың 20 маусымына белгіленген Айыртау ауданының аудандық маңыздағы қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының мәліметіне сайлау күні туралы хабарландыруды жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиясы. **2016 жылдың 20 мамырынан кешіктірмей.** (11 т.)

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында сәйкес аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау белгіленген күннен соң 10 күннен кешіктірмей. (1 т.), 7) 9 т.)

3. Сәйкес әкімнің ұсынысы бойынша аумақтық сайлау комиссиясына балама негіздегі әкімдердің кандидаттарын және сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің әкіміне дауысқа түсуге келісім туралы кандидаттардың өтінішін ұсыну.

Аудан әкімі. Сайлау күніне 30 күн қалғанда басталады – **2016 жылдың 21 мамыры** және сайлауға 25 күн қалғанда аяқталады– **2016 жылдың 26 мамыры.** (13, 14, 15 т.)

4. Сайлаушылар тізімін құрастыру және сайлау орнына ілу.

Аумақтық сайлау комиссиясы сәйкес мәслихат хатшысының ұсынысы бойынша: Сайлауға 7 күн қалғанда – **2016 жылдың 13 маусымы.** (1,7 т.), 9,48 т.)

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-б. 3-т. талаптарына және Қазақстан Республикасының аудандық маңыздағы қалалардың, селолық округтердің әкімдерін сайлау Ережелеріне кандидаттың сәйкестігін белгілеу, сәйкес хаттама құру.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Үш күн ішінде. (2, 17, 19 т.)

6. Жергілікті орны бойынша салық органдарына табыс және мүлік туралы декларация тапсыру **2016 жылдың 1 мамырына.**

Кандидат және оның зайыбы. Кандидаттың тіркелгеніне дейін. (18 т.)

7. Кандидаттарды тіркеу және сәйкес куәлік беру.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Барлық қажет құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлауға 15 күн қалғанда аяқталады – **2016 жылдың 5 маусымы.** (20, 24 т.)

8. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе басқа да тәсілмен кандидаттарды тіркеу туралы хабарлау.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттарды тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей. (1) т. 22 т.)

9. Кандидат және оның зайыбы декларациялаған табысы және мүлік туралы мәліметтердің растығын тексеру.

Салық қызметі органдары.Кандидат және оның зайыбының декларация тапсырғаннан кейін 7 күн ішінде. (19 т.)

10. Кандидаттардың сенім білдірген тұлғаларын тіркеу және сәйкес куәлік беру.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Тіркеуге сенім білдірген тұлғалардың тізімін бергеннен кейін. (2 т.) 9 т., 33,34 т.)

11. Шарттық негізде сайлаушылармен кездесу үшін кандидаттарға үй-жай беру. Бөлінген үй-жайда сайлаушылармен кездесу кестесін құру және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Жергілікті атқарушы органдар және өзін-өзі басқару органдары. Сәйкес аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау алды үгітті өткізу кезеңі. (1, 7 т.) 9 т.)

12. Сайлау алды үгітті өткізу.

Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірген тұлғалар. Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күніне жергілікті уақыт бойынша сағат нольде аяқталады (**2016 жылғы 6 маусымда басталады, 2016 жылғы 18 маусым күні сағат 24-те аяқталады**). (28 т.)

13. Аумақтық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу).

Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірген тұлғалар. Кандидаттың сәйкес аумақтық сайлау комиссиясына жүлгінген кезден бір күнтізбелік күн ішінде (Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 19.08.2010 ж. №7/8 қаулысы) (1, 7 т.), 9 т.)

14. Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттар тіркелгеннен кейін (1, 7 т.) 9 т.)

15. Сайлау пунктін ашу, сәйкес хаттама құру.

Аумақтық сайлау комиссиясы. **2016 жылдың 20 маусымы** – дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын. (52 т.)

16. Әкімдердің сайлауын өткізу. Дауыстарды санау және сайлау бойынша қорытындыларын жариялау, сайлау қорытындылары туралы хаттама жасау.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Бір күн ішінде **2016 жылғы 20 маусымда.** (47 – 54 т.)

17. Сайланған әкімді тіркеу. Жоғары тұрған әкімге және сәйкес мәслихатқа шешім ұсыну.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткеннен кейін бес күн ішінде – 2016 жылғы 24 маусымнан кешіктірмей. (57 т.)

18. Аумақтық сайлау комиссиясына кандидаттардың сайлау қорыныңы қаражатын пайдалану туралы есеп ұсыну.

Әкімдікке кандидаттар. Сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей - 2016 жылдың 24 маусымынан кешіктірмей. (44 т.)

19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары мен сайланған әкімнің тіркелгенін жариялау.

Аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткеннен кейін 7 күннен кешіктірмей- 2016 жылғы 26 маусымынан кешіктірмей. (1, 7 т.) 9 т., 59 т.)

Ескерту: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның нормаларына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке тағайындау, олардың өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібі туралы сілтеме беріледі.

Айыртау ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы

Айыртау ауданының әкімдігі, Саумалкөл селосы, Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй.

А.Ж.Т., туған жылы	Лауазымы, қай уақыттан комиссияда	Жұмыс орны	Мекен жайы, телефондары	Қосымша (қай партияға жатады)
Мерғасымов Ермек Абуұлы 23.05.1956	комиссия төрағасы 2014 жылдан	«Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бойынша құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Саумалкөл с., А. Сері к., №23 үй тел. 22-378 жұм. тел. 20-245	«Нұр Отан» партиясы
Жүсіпов Жақсылық Мейірханұлы 11.01.1979	комиссия төрағасының орынбасары 2014 жылдан	«Айыртау ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы	Саумалкөл с., МКР к. 78 55 пәтер жұм. тел. 21-921 ұялы тел. 87752896948	«Нұр Отан» партиясы
Әбілқайырова Гүлмира Армияқызы 28.07.1969	комиссия мүшесі 2014 жылдан	«Айыртау ауданының кәсіпкер бөлімі» ММ басшысы	Саумалкөл с.,Көңжетаев к., №21үй жұм. тел. 22-904, 22-292	«Нұр Отан» партиясы
Андрюшина Оксана Владимировна 10.07.1985	комиссия мүшесі 2014 жылдан	«Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бойынша құрылымдық бөлімшесінің бас маманы	Саумалкөл с., МКР к., үй №78, 32 пәт. жұм.тел. 20-019 ұялы тел. 87012857158	«Нұр Отан» партиясы
Тиыштықбаева Бибінұр Балғожақызы 06.12.1972	комиссия хатшысы 2014 жылдан	«Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бойынша құрылымдық бөлімшесінің бас маманы	Саумалкөл с., Достық көшесі, № 56 үй, 11 пәтер жұм. тел. 20-245	«Нұр Отан» партиясы
Сексенбаев Ақан Алтайұлы 25.06.1976	комиссия мүшесі 2014 жылдан	«Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің бас маманы	Саумалкөл с., МКР к., № 78 үй, 60 пәтер жұм. тел. 22-751	«Нұр Отан» партиясы
Нұрғалиева Жұпар Төлегенқызы 17.03.1984	комиссия мүшесі 2014 жылдан	«Айыртау ауданы мәслихат аппаратының» ММ бас маманы	Саумалкөл с., МКР, 9 үй, 46 пәтер жұм.тел. 21-902	«Нұр Отан» партиясы

Селолық округ әкімдерінің сайлауын өткізу бойынша ауылдық округтердің атаулары

1.	Антоновка ауылдық округі
2.	Лобаново ауылдық округі

Күле білу – ол да өнер

ЖҮЗІҢНЕН КҮЛКІ КЕТПЕСІН...

Күлкі – өмірдің кілті. Күлкіні зерттейтін ғылым гелатология күлкінің адам өміріне айтарлықтай ықпал ететінін дәлелдеген. Ал Чарльз Дарвин жүйке жүйесін күлкі ғана емдей алады деген пікір айтқан екен. Расында, күлкісіне қарап, адамның мінезін, ішкі жан-дүниесін шамалауға болады ғой...

Бәріміз де бақытты, шаттыққа толы өмір сүруге құқылымыз. Сол себепті де біріміз ата-ана, енді біріміз ұстаз болып, балаларымыздың да осынау өмірде жан-жақты дамып, бақытты да жарқын өмір сүрулері үшін бірлесе отырып аянбай тер төгіссек... Ал осындай ерекше ұландарды қалай тәрбиелеуге болады? Қандай жағдайда ғана олармен оңай тіл табыса аламыз? Осындай сан қилы сұрақтарға жауапты Шалва Александрович Амонашвилидің «Улыбка моя, где ты?» – атты еңбегінен таба алады екенбіз. Бұл кітап педагог, психолог әріптестерімнің бәріне таныс. Автордың байқамы бойынша, ұстаздың мейірімі мен жылылыққа толы күлкісі оның ішкі жан-дүниесінің сипаты, тазалық пен адамгершілік символы. Гуманизмге толы педагогика әлемінің ең маңызды сатысы да осы күлкінің күші, құдіреті, сыры. Қазақ халқының «Түрі игіден түңілме» немесе «Жылы сөз – жанға шипа», «Жүзіне күлкі үйірілген жан» – деген мақал, сөздері бекерге айтылмағаны баршамызға мәлім. Ал педагог-ғалым Амонашвилидің айтуынша, күлкі – жүзімізден білінетін, жүрегімізді жарып шыққан ішкі жан жылылығы, оның сыртқа берер сәулесі, шапағаты. Жанды жадыратар жылы күлкімізбен сезімімізді, ойымызды білдіре аламыз. Жылуы мол күлкіміз өзіңізді қоршаған ортаның көңіл-күйін көтеріп, адамдардың бір-біріне деген сенімін тудырады, рухани жақындастырады, бір-бірімізге деген достық, сүйіспеншілік сезімін оятып, үміт отын жағады, шыдамдылыққа, төзімділікке шақырады, ашу-ыза, жеккөрушілік, көреалмаушылық сезімдерінің жалынын өршітпей, дер кезінде өшіре алады. Сонымен қатар адам өмірінің әдемі, бақытты, шаттыққа толы болуына ықпал етеді. Яғни, күлкі дегеніміз – рухани құдірет. Ол әрбір адамның рухани кеңшілігінен туындайды. Өзіңізді жайсыз сезініп тұрсаңыз да сыртқа сыр білдіргіңіз келмейді делік. Неліктен? Себебі Сіз маңыздыздағы жандардың жүзіне көлеңке түсіргіңіз келмей, бойыңыздағы бар күшіңізді жиып, оларға жылы жымиып қарайсыз – міне, жан жомарттығы деген осы болады. Күлкінің тағы да бір құдіреті

арамыздағы жылы қарым-қатынасты сақтай алатын құпиясы мол күшінде. Өзіңізге мәлім: күлкі ғана достықты, қолдауды, келісімді, шаттануды, өкінішті, жылылықты білдіреді.

Жан-тәнімен жадырату күле білетін жан жерге жылуын төккен Күнмен тең. Ғалымның ойдан ойға жетелейтін осынау бір еңбегін оқығаннан кейін мынадай ойға келдім: өзіне жылылығы мол күлкісін сыйлай білген ұстазын шәкірті жақын тартып, оған үлкен сеніммен қарайды екен. Өзіңе ұмтылған баланы бетінен қақпай, керісінше, бауырыңа тарта түссен, оған сенетіндігіңді білдіре алсаң, ол өзінің кішкентай ғана жүрегінің сырымен бөлісуге дайын тұрады. Сізден шынайы достықты күтеді, ата-анаға, бауырға айта алмаған ойларын, пікілерін Сізге ғана айтқысы келіп тұрады. Мектепке тек сүйікті ұстазы үшін келіп жүріп, соның нәтижесінде бір емес, бірнеше пәнді құлай сүйіп кететін шәкірттер қатары қаншама!.. Осының өзі ұстаздың жан жылылығының арқасы емес пе? Балалық бал дәуреннің екінші қайталанып келмейтінін естен шығармау керек: «келесі жолы олай істемеспінді» болдырмауымыз дұрыс. Себебі біздің ұстаздық қызметіміз жалғаса берер, ал ана оқушымыз алға қарай қанат қағып, самғап ұшып, бізден алыстап кетеді.

Иә, күлкі құдіретін дұрыс пайдалана білсек, талай-талай жеңістерге жетеміз. Ал бала үшін ересектер, ата-аналар, ұстаздар өртүрліміз: мейірімді – қатігез, жаны жайсаң – қабағынан қар жауған, жақсы – жаман, күле алатын – өмірі езу тартпайтын деген антонимдерден тұратынымызды елемейді екенбіз. Заман талабына сай, өмірге ікемді, жан-жақты біліммен қаруланған, жаны жайсаң, жайдары, ортаға сыйымды, көпшіл, мерейлі-мейірбан-қайырымды, үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор Жеке Тұлғаны қалыптастыру жолында нәтижелі жұмыс жасау – ХХІ ғасыр ата-аналары, тәрбиешілері мен ұстаздарының ең маңызды міндеті болып саналады. Осы мақаламды Шалва Александровичтің сөздерімен (аудармасыз қаз-қалпында) аяқтамақпын: – Учитель мой, улыбны мне сейчас, пока я расту и нуждаюсь в улыбках твоих. И улыбнусь я тебе, когда стану взрослым, и ты будешь нуждаться в улыбках моих. Улыбка Школы – Учитель. Улыбка Учителя – его сердце.

Зұбайраш СЕЙТҚАСЫМ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің орыс тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жадынама

Мұқият болыңыздар! Үйіңіздің кіреберісіндегі, аулаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқай аласыздар. Қырағы болыңыздар! Маңайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орынсыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көңіл аударыңыздар.

Үйлеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер: кіреберісте домофонамен темір есік орнатыңыздар, жөртөлгелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын көріп тұрып, байқамаған сыңай танытпаңыздар! Сіздер көпкіпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларыңыз бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар.

Адамдар аз (иесіз) жерде күдік тудыратын затты тауып алу сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибеніз болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және өккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа жақындамаңыздар, тіпті қол тигізбейңіздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті.

Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. үйретіңіздер.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда халыққа арналған жаднама

Терроризм актілерін дайындау немесе жо-спарлауды куәландыратын белгілері:

- сіз жұмыс істейтін немесе үйдің ауласында, ғимарат айналасында (жиі баратын жеріңізді) күдікті тұлғалардың бірнеше рет көрінуі, фото және бейне түсірме жасауы, сондай-ақ дөптерге жазба жасау;

- құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесуден қашу және бейне камерадан бұлтару әрекеттері (басын түсіру, бұрылып кету, бетін жабу);

- жөртөле және шатырларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың кіруі;

- тұрғын және әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсететін персоналдар және құзетушілермен бейтаныс адамдардың негізсіз байланысқа түсуі, олардан жұмыс тәртібі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар және т.б. жөнінде мәліметтерді жинақтау;

- бөгде тұлғалармен маңызы төмен жұмыстарды (пакет, түйіншек, посылка беріп жіберу) ірі сыйақыға орындайтын тұлғаларды іздеуі.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда келесі іс-қимылды орындау қажет:

- Ұстауға өздігімен әрекет қабылдамау;

- Олар жөнінде құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау;

- Өзіңіз назарға түспей, тұлғалардың санын, нақты сыртқа белгілерін, киімдерін және оларда бар заттарды, қолдануындағы автокөлік нөмірін және маркасын, қозғалыс бағытын белгілеп алу.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 23 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт 7:00 «ТАҢШОЛПАН», 10:00 «Алтақз» 11:00 «Дара жол» 12:30 «ДАУА» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін», Тх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ», 16:40 «Жүрегім сізге аманат», Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 «БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ» 18:05 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ», Тх. 19:30 KAZNEWS 20:20 «СЕРПІЛІС» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН», Тх. 22:00 «КЕЛІН», Тх. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 KAZNEWS 0:15 «SPORTKZ» 0:35 «Қыздар», 1:20 «Серпіліс» 2:05 «Менің Қазақстаным!» 2:35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:05 «Ғасырлар үні», Дф.

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 «7 күн» 11:00 «Экономикласс» 11:10 . «Сиқырлы ас үй» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Тағдыр тартысы» Дд12:15 Мс. «Фархат» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс. «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс. «Катина любовь» 15:00 Новости15:15 Тх. «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Өмір сабақтары» Дд17:00 Новости17:15 Тс. «След» 17:55 «Орталық Хабар» 19:00 «ТВ бинго» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 20:55 «По суті» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Дерево жизни» 22:20 Тс. «След» 23:00 «Бетпе-бет» 23:25 «Негізінде...» 23:30 Қорытынды жаңалықтар 00:00 «Сотқа жеткізбей» Дд00:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ЖДИ МЕНЯ» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР», 13:25 «ӘН ДАРИЯ» 14:20«ПРАВДА» 14:25 Мелодрама «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ!» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА». Кино 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ». Кино 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 3:40 «САПА БАҚЫЛАУДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Аромат шиповника» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Миндальный привкус любви» 22.55 «Честный детектив». (16+) 23.50 Ночная смена. «Вуэль разведок. Россия - США». «Иные. Мозг всемогущий». 2 ч. (12+) 01.25 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 02.25 «Четверье жизни Юлиана Панича» 03.25 «Комната смеха»

СЕЙСЕНБІ, 24 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 «ТАҢШОЛПАН», 10:00 «Лесси». Мх. 10:25 «АЮЛАР». Мх. 10:50 «Аяулы арман», Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Ұлт мақтанышы», Дф. 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін», Тх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ», 16:40 «Жүрегім сізге аманат», Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 «Журналистік зерттеу», 18:15 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ», Тх. 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН», Тх. 22:00 «КЕЛІН», Тх. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 KAZNEWS 0:20 «Қыздар», 1:05 «Ұлт мақтанышы», Дф. 1:35 «Қылмыс пен жаза» 1:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:05 «Дауа» 2:35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:05 «Ғасырлар үні», Дф.

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Дерево жизни» 11:00 Новости11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Тағдыр тартысы» Дд12:15 Тх. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс. «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс. «Катина любовь» 15:00 Новости15:15 Тх. «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үйі» 17:00 Новости17:15 Тс. «След» 18:00 «Тағдыр жолы» 18:35 Тх. «Сұрбойдақ» 19:10 Тх. «Қыз жолы» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 20:55 «По суті» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Дерево жизни» 22:20 Тс. «След» 23:00 «Бетпе-бет» 23:30 «Арнайы хабар» 23:55 «Негізінде...» 0:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 «Сотқа жеткізбей» Дд01:00 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «СКЛИФОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР», 13:25 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:20«ПРАВДА» 14:25 Мелодрама «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ!» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА». Кино 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ». Кино 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:35 «САПА БАҚЫЛАУДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Аромат шиповника» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Миндальный привкус любви» 22.55 Вести. Дос (16+) 00.40 Ночная смена. «Химия нашего тела. Витамины». «Приключенция тела. Испытание бессонницей». (12+) 02.15 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 03.15 «Комната смеха»

СӘРСЕНБІ, 25 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 «ТАҢШОЛПАН», 10:00 «Лесси». Мх. 10:25 «АЮЛАР». Мх. 10:50 «Аяулы арман», Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Ұлт мақтанышы», Дф. 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін», Тх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ», 16:40 «Жүрегім сізге аманат», Тх. 17:30 KAZNEWS 17:55 «Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіптік кешіні», Дф. 18:15 «Жарқын бейне» 18:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ», Тх. 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН», Тх. 22:00 «КЕЛІН», Тх. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА

НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 KAZNEWS 0:20 «Қыздар», 1:05 «Ұлт мақтанышы», Дф. 1:35 «Жарқын бейне» 2:05 «Табыс сыры», Арнайы жоба 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 «Ғасырлар үні», Дф.

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Дерево жизни» 11:00 Новости11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Тағдыр тартысы» Дд12:15 Тх. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс. «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс. «Катина любовь» 15:00 Новости15:15 Тх. «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үйі» 17:00 Новости17:15 Тс. «След» 18:00 «Сильные духом» 18:30 Тх. «Сұрбойдақ» 19:05 Тх. «Қыз жолы» 2:19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По суті» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Дерево жизни» 22:20 Тс. «След» 23:00 Қорытынды жаңалықтар 23:30 «Арман қанатында» 00:00 ПреЕвро-2016. Товарищеские матчи. Футбол Румыния – Конго

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «СКЛИФОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР», 13:25 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:20«ПРАВДА» 14:25 Мелодрама «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ!» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА». Кино 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ». Заключительные серии 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:35 «САПА БАҚЫЛАУДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50, 03.45 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Аромат шиповника» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Миндальный привкус любви» 21.55 «Специальный корреспондент» 23.40 Ночная смена. «Биохиими предательства». «Угрозы современному миру. ГМО». (12+) 01.50 Т/с «Неотложка» 02.45 «Комната смеха»

БЕЙСЕНБІ, 26 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 «ТАҢШОЛПАН», 10:00 «Лесси». Мх. 10:25 «АЮЛАР», Мх. 10:50 «Аяулы арман», Тх. 29-бөлім 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Ұлт мақтанышы», Дф. 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін», Тх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ», 16:40 «Жүрегім сізге аманат», Тх. 17:30 KAZNEWS 17:50 «АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ МӘСЕЛЕСІ», Арнайы жоба 18:15 «АГРОБИЗ-НЕС» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ», Тх. 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН», Тх. 22:00 «КЕЛІН», Тх. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 KAZNEWS 0:20 «Қыздар», 19-бөлім 1:05 «Ұлт мақтанышы», Дф. 1:35 Арнайы жоба 1:55 «Жан жылы» 2:15 «Агробизнес» 2:35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:10 «Ғасырлар үні», Дф.

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Дерево жизни» 11:00 Новости11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Тағдыр тартысы» Дд12:15 Тх. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс. «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс. «Катина любовь» 15:00 Новости15:15 Тх. «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үйі» 17:00 Новости17:15 Тс. «След» 17:55 «Тағдыр жолы» 18:20 Тх. «Сұрбойдақ» 19:10 Тх. «Қыз жолы» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По суті» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Дерево жизни» 22:20 Тс. «След» 23:40 «100 бизнес-тарихы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 «Сотқа жеткізбей» Дд01:00 Всемирная серия бокса. Полуфинал Astana Arlans – British Lionhearts.

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «СКЛИФОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР», 13:25 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:20«ПРАВДА» 14:25 Мелодрама «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ!» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 Ток-шоу «РОДИНА» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЛЕСТИЦА В НЕБЕСА». Кино 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 23:35 «П@УТИНА» 0:00 Глафира Тарханова, Александр Ратников в фильме «ЗОЛОТАЯ НЕВЕСТА» 2:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:35 «САПА БАҚЫЛАУДА» До 4:00

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50, 03.45 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Аромат шиповника» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Миндальный привкус любви» 21.55 «Поединок». (12+) 23.40 Ночная смена. «Перемышь. Подвиг на границе». «Семь нот для безымянной любви. Правда о подвиге». (12+) 01.45 Т/с «Неотложка» 02.45 «Комната смеха»

ЖҰМА, 27 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 «ТАҢШОЛПАН», 10:00 «Лесси». Мх. 10:25 «АЮЛАР», Мх. 10:50 «Аяулы арман», Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Ұлт мақтанышы», Дф. 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 13:55 «Келін», Тх. 14:45 БОКС. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. ФИНАЛ. (Қыздар) 19:30 KAZNEWS 20:05 ПАРЛАМЕНТ 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!» 22:30 «КЕЛІН», Тх. 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 KAZNEWS 0:35 Парламент 0:50 «Ұлт мақтанышы», Дф. 1:20 «Иман айнасы» 1:40 «Сіз не дейсіз?» 2:10 «Сәлем, Қазақстан!» 3:25 «Ғасырлар үні», Дф.

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «Дерево жизни» 11:00 Новости11:10 «Магия кухни» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Тағдыр тартысы» Дд12:15 Тх. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс. «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс. «Катина любовь» 15:00 Новости15:15 Тх. «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Өмір сабақтары» Дд16:50 «Экономикласс»

17:00 Новости17:15 Тс. «След» 17:55 «Тур де Хавар» 18:25 Тх. «Сұрбойдақ» 19:15 Тх. «Қыз жолы» 2:20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Дерево жизни» 22:20 Мегахит. Брюс Уиллис, Мэттью Перри в фильме «Девять ярдов» 2:00:05 Қорытынды жаңалықтар 00:35 «Сотқа жеткізбей» Дд01:00 Всемирная серия бокса. Полуфинал Astana Arlans – British Lionhearts.

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «СКЛИФОВСКИЙ 3» 12:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:10 «П@УТИНА» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР», 13:45 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 14:40 «ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 «Смотрим вместе!» Любимое кино «СТАРИКИ-РАЗБОЙНИКИ» 17:35 «ЖДИ МЕНЯ», КАЗАХСТАН 18:40 Лотерея «АВТОКУШ» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ҒАЖАЙЫП ЖАН», 23:35 «Я ХОЧУ, ЧТОБЫ ЭТО БЫЛ СОН...» Концерт Елены Ваенги 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 ТОК-ШОУ «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 4:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Аромат шиповника» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Миндальный привкус любви» 21.55 «Специальный корреспондент» 23.40 Ночная смена. «Биохиими предательства». «Угрозы современному мира. ГМО». (12+) 01.50 Т/с «Неотложка» 02.45 «Комната смеха»

СЕНБІ, 28 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:55 Әнұран 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:10 Мф 8:30 «Жаңа қоныс», Тх. 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». Отбасылы-танымдық бағдарлама 10:05 «Әзіл әлемі» 12:00 «Намыс дода», Халықаралық сайыс 13:10. Арнайы жоба 13:30 «Сөздің пірі - Сүйінбай». Халықаралық ақпарат айтасы. 16:30 «СЫР САНДЫҚ». ҚР Халық әртісі, профессор Қ.Байбосыновтың концерті 17:30 «Намыс дода», Халықаралық сайыс 18:40 «Өмірдің өзі новелла», Тх. 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік өңдер» 21:00 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ЛИГА. 1/4 финал 2-топ 0:05 KAZNEWS 0:40 «Road to France». «UEFA EURO-2016» журналы 1:10 Мелодрамк «Сахна жұлдызы» мелодрамасында 2:40 «Жаңа қоныс». Тх. 3:10 «Үздік өңдер»

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:15 «Әсем әуен» 09:00 «Продовпрос» 09:25 «Сиқырлы ас үйі» 09:55 Мф «Живой лес» 11:20 Мс «Инвизималс» 12:10 Сказки братьев Гримм. «Принцесса на горошине» 13:15 «Орталық Хабар» 14:30 «Жұлдыздар айтсады» 15:55 «Тур де Хавар» 16:20 Тх. «Болашағым өз қолымда» 18:05 «The Magic of Nomads» «Менің Қазақстаным» атты концерті . 19:40 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 Мегахит. «Неверленд» 01:30 ПреЕвро-2016. Товарищеские матчи. Футбол Швейцария – Бельгия. Трансляция из Женеви

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 Кино «УМНИК» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 8:00 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «Я ПОДАРОУ ТЕБЕ ЛЮБОВЬ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112. НЕДЕЛЯ» 12:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:30 «П@УТИНА» 14:40 «Я ХОЧУ, ЧТОБЫ ЭТО БЫЛ СОН...» Концерт Елены Ваенги 16:30 Кино «БИЛЕТ НА ДВОИХ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «БИЛЕТ НА ДВОИХ». Продолжение 21:50 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» ның тұсаукесері 23:10 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:50 «БЕЗ СТРАХОВКИ», Финал 2:20 «112. НЕДЕЛЯ» 2:40 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 3:25 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 4:10 Кино «УМНИК»

РОССИЯ 1

04.10 Х/ф «Клад» 05.45 «Диалоги о животных» 06.40, 10.10, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00 Вести 07.10 Россия. Местное время. (12+) 08.15 «Правила движения». (12+) 09.10 «Личное. Алексей Чумаков». (12+) «Утро» «Дочь баяниста» 12.05, 13.30 Х/ф «Серьезные отношения» 16.00 «Один в один. Битва сезонов». Лучшее. (12+) 19.00 Вести в субботу 20.00 Х/ф «Долги совети» 23.55 Х/ф «Серебристый звон ручья» 02.00 Т/с «Марш Турецкого-2»

ЖЕКЕНБІ, 29 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН

6:55 Әнұран 7:00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. 7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:40 Мф 9:00 «БҮГІН ЖЕКЕНБІ» 11:00 «БІЛГІЛЕР БЕЙГЕСІ», 11:45 «Сәлем, Қазақстан!» (Серік Ибрагимов,

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	19/05 БС	20/05 ЖМ	21/05 СН	22/05 ЖК	23/05 ДС	24/05 СС	25/05 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+19 +6	+21 +8	+23 +11	+22 +9	+23 +9	+24 +11	+25 +14
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		746	746	744	740	740	740	737
Желдің бағыты		О-Б	О-Б	О-Ш	О-Ш	О-Ш	О-Ш	О-Ш
Желдің шапшаңдығы		3	3	2-4	3-5	2-4	2	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Тағзым

АРДАҚ ТҰТАР АЗАМАТ ЕДІ

Құрмаш Жетібәев 1937 жылы Айыртау ауданы Сарыөзек ауылында туған. Алпа тағала өр адамаға қамшының сабындай ғана қысқа өмір сыйлаған ғой. Сол аз өмір мән-мағнасымен, ауыр-жеңілдігімен, қызық-қуанышымен сырғып өтіп жатады. Өмірден өзіне ойып тұрып орын алған, сәнді де мәнді өмір кешкен, өзінің сүйікті мамандығын аброймен атқарған аяулы азамат Құрмаш Жетібәевтың кейінгіге қалдырған өнегелі іздері айшықты да өрнекті.



Ең алдымен Қаратал ауылындағы жетіжылдық мектепті тәмамдағаннан кейін Казгородок (қазіргі Сырымбет) қазақ орта мектебінде оныншы сыныпты кілең «4» пен «5»-ке бітірді. Жоғары оқу орнына түсіп, білімін жалғастыруға әбден қабілеті жететін еді, тек әке-шешесі шау тартқанды.

Бала Құрмаштың алдында тезірек мамандық алып, үйленіп, ата-анасын күту мақсаты тұрды. Сол мақсаттың жетегімен Қотыркөл (дұрысы, Қатаркөл) зоотехникалық мал дегігерлік техникумның үшінші курсынан бірақ шықты. Техникумды екі жылдан кейін өте жақсы бағамен бітіріп, «веттехник» деген мамандық алды. Оқуын бітірместен бұрын «көршінің қызы әдемі еді, әкесі оның жақсы адам» дегендей, өз ауылындағы сыйлы әулеттің қызы Көпей қарындасымызға үйленеді. Енді дипломды жас маман Қазан ауданындағы «Заветы Ильича» кеңшарының үшінші бөлімшесі Қарамойыл ауылына мал дегігері болып орналасты. Кеңшар (совхоз) сол кездің үлгісімен салынған жақсы, жайлы жаңа үй берді. Сол үйге ата-анасын жұбайын көшіріп алып, бұрқыраған еңбек майданына кірісті де кетті. Кеш жатып, ерте тұрып, қиындығы мен қызығы мол мал шаруашылығының жұмысына, өзінің арнаулы мамандығы мал дегігері міндетін өте жақсы, ұқыпты орындаумен бастады. «Заветы Ильича» кеңшарының сол кездегі директоры, «Ленин» орденінің иегері, Қазақ КСР-інің халық депутаты, коммунистердің Мәскеу қаласында өткен XIX съезінің делегаты болған Түзелбай Кербәев деген ел сыйлаған азамат үнемі жас мамандарды қолдап та, қолпаштап та отыратын. Соларға Құрмашты үлгі етіп, оның атқарып жүрген жұмысына әрдайым өте жақсы баға беріп отырды. Қарамойыл (Всеволодовка) бөлімшесінде Құрмаш

көшіп барғанға дейін бір де бір қазақ жанұясы тұрмайтын. Құрмаш көптеген ағайын-туыстарың таныстарын көшіріп алып, жұмысқа орналастырып, баспаналы етті. Олардың балалары орысша оқыды. Ол кезде әрбір қазақтың баласын орысша оқыту мақсаты болатын аға-жеңгесінің арқасында ел жеткіншектерінің біразы сол мақсаттарына жетті десек те болады.

Құрмаш ініміз мал дегігері мамандығын жете игерген, өте білікті азамат еді. Талай бұзаулай алмаған сиырларға ота жасап, бұзауды да, сиырды да аман алып қалып қатарға қосатын. Шаруашылықта шамамен 3500 қара мал, оның ішінде екі табын 1200-ға жуық сауын сиыр, оған қоса 1500 шамасында жеке меншіктің малы болды. Солардың бәрін жалғыз-ақ көмекшісі екеуі қарауына алып, аман сақтайтын. Алдын ала егу, емдеу, түрлі індеттерге қатысты тексеру-зерттеулер сияқты жұмыстарды мүлтіксіз орындайтын. Соның арқасында туберкулез, бруцеллез (сарып), қарасаң, аусыл және басқа індеттерден сауықтыратын. Сол уақытта малы толық сауыққан шаруашылық некен-саяқ болатын. Бұның өзі Құрмаштың ерен еңбегінің нәтижесі еді. Құрекөң зейнеткерлікке шыққанша, одан кейін де бір жерде 40 жыл еңбек етті. Бұны күнделікті түйткілі көп өмірдегі ерлік деп бағалауға болады. Атқарған еңбегі ескерусіз қалған жоқ, айтарлықтай бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдарымен, көптеген құрмет және мақтау грамоталарымен марапатталды. Құрмаштың артына алаңдамай жақсы еңбек етуіне сүйген жары Көпейдің қосқан үлесі зор екенін ел біледі. Қарт ата-анасын 18-20 жылдай алақанына салып аялап, ақ қағаздай етіп күткеніне Құрмаш өмір бойы ризашылық білдіріп өткеніне ағайын-туыс, жора-жолдастары куә. Құрмаш пен Көпей алтын асықтай төрт ұл бір қызды өмірге әкеліп, ел көңілінен шығатындай етіп тәрбие берді. Үлкен ұлы Құнанбай мен қызы Бақытгүл дансаулық сақтау саласында қызмет атқарса, Ғали-Асқар мен Уәлихан құқық қоғау саласында еңбек етіп, бірі майор, екіншісі полковник шенінде зейнетке шықты. Кіші ұлы Шоқан төтенше жағдайлар мекемесінің бас маманы, майор шенінде. Ардақты ана Көпей қазір Шоқан мен келіні Гүлданың қолында, өзі өкпен бағының саясында балаларының тілеулерін тілеп, немерелерін аялап отыр. Бейнеттің зейнеті деген осы! Тек қана жастайынан ғашық болып қосылған Құрмашы ертерек өмірден өтіп кеткені өзегін ертейді. Топырағы торқа, жатқан жері жарық болсын!

**Ардақты інім едің Құрмаш бауыр,
Болмысың ерен еді елде тәуір.
Аллаға керек дейді жақсы адамдар,
Ажалдан құтылмасың заман ақыр.
Өмірден өткен едің ертерек,
Ұрпағың еске алады құрметтеп.
Белгісі ұлықтаған қастерлеп.
Торқа болсын жатқан жерің әрқашан,
Қабірің жарық болсын қоршаған,
Жәннатта жаның жарқырап,
Жұлдызың жансын ғарыштап!**

Орынбай ЖҰМАБЕКОВ,
еңбек ардагері.
Қаратал ауылы.

Мектеп өмірінен

НҰРЛЫ БОЛАШАҚ

Бүгінгі өскелең ұрпақ - болашақ еліміздің азаматтары. Олар ХХІ ғасыр есісінен еркін өніп жүре алатын дүниежүзілік мәдениетті маманшын, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті болуы шарт.



Мақсатым - мектепке дейінгі тәрбие жұмысын жан-жақты ұйымдастыра отырып, бүлдіршіндерді тәрбиелеу болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектену білетін, рухани ойлау дәрежесі биік, Отанын сүйгіш еңбекқор, ізденімпаз, қабілетті бала даярлау.

Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік орталығы ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Дарын» орталығының қолдауымен «Үркер» IQ марафонын өткізген болатын. Баланың зияткерлік, шығармашылық қабілетін ашу әрі мектепке дейінгі ұйымдардың рейтингін арттыру мақсатында ұйымдастырылған марафонға Бірлестік орта мектебі жанындағы «Балалапан»

шағын орталығының тәрбиеленушілері қатысқан болатын.

Бұл марафонға қатысқан Сәлімгерей Аяң Сәлімгерей Еркежан, Таласбекова Дана, Жұман Мейіржан, Жұман Ермаң, Бекентай Аяулым, Құттыбай Зарина, Елубай Аңсар, Думанов Баязиттердің зияткерлік қабілет деңгейлерін анықтау, бүлдіршіндердің айналасы қызығушылықпен қабылдаудағы ой-өңін дамыту барысындағы жұмыстары оң бағаланып, олар «Үркер» зияткерлік орталығының арнайы сертификатымен марапатталды.

Біздің «Балапан» шағын орталығы балалары барлық зияткерлік олимпиадаларға қатысады. Сонымен қатар «Адам және Табиғат» атты халықаралық зияткерлік марафонына қатысқан балаларымыз - Болатбек Нұрхан, Махметова Айару, Елубай Аңсар, Сәлімгерей Аяң, Сәлімгерей Еркежан, Бекентай Аяулым, Анафин Арнурлар жеңімпаз атанып, арнайы сертификатқа ие болды. Сонымен қатар аудандық мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың «Нұрлы көкек-2016» жобалар сайысына 1-сынып оқушысы Қызбикенова Еркенұр қатысты. Еркенұр «Киелі құс - қарлығаш» тақырыбында қызықты жобасымен сертификатқа ие болды.

Мүмкін олардың бүгінгі жобалары жылдар өте келе елімізге енгізілген жаңалық болар.

Жадыра ТҰРЛЫБЕКОВА,
Бірлестік ОМ.

Құттықтаймыз!



Бірлестік ауылында тұратын, жүрегі жомарт жаны мейірімге толы, ақ көңіл асқар таудай әкемізді 20 мамыр күні 61 жасқа толғу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

**Әкелер сенім тірегі,
Ананың сүйген жүрегі.
Қосылса екі құдірет,
Орындалған тілегі.
Әкемен күнің жарық қой,
Әкелер деген алып қой.
Дүниеге келіп қуантсаң,
Жасайды саған анық той.
Әкенің сөзі оқ деген,
Әкеден асқар жоқ деген.
Қарайып жүрсе қасыңда,
Уайым-қайғы жоқ деген.**
Ігі тілекпен: жұбайы, ұлдары, келіндері мен немерелері.



Өрендер өмірі

Сыныбым – мақтанышым

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы тағлымды айтып кеткен Абай атамыз ұстаздық кәсіптің иелерін заманауи көзқараспен жете түсінген сыңайлы. Ұстаз қашанда адам жанының бағбаны, адам баласының тура жолға бағыт берер бағдары болып қалуы керек. Ұстаз жүрегінің шәкірттеріне деген шынайы махаббаты олардың қандай да бір жетістікке жетіп, ел сүйсінерлік қалыбын таныса, солар үшін шатшадыман күй кешіп, баладай бірге қуануында.

Әрі ұстаз, әрі сынып жетекші ретінде мен де өзімнің 6 сыныбым жайында бір үзік сырымды мақтанышпен жеткізіп келіп отыр. Кез келген баланың бойында қасиет болады, бір ерекшелігі бұғып жатады, сол баланы білім мен ғылымның сан соқпағына түсіріп, қауызын ашқан жұпар гүлдей жайқалтып, таланты мен дарынын ашу ұстаздың міндеті деп білемін.

Менің сыныбымның бәрі дерлік өнерге де, білімге де құштар балалар. Өнерлі болса да, өнерге бет бұрып кеткісі келсе де, білімсіз өнердің биігі аласа екендігін ұғынған балалар.

Оқу жылы өз соңына таяған соң, біз сыныбымызбен отырып, өткен оқу жылында біз не істедік, нәңдей жетістікке жеттік, марапат қорымыз бен сыныбымыздың беделін қаншалықты деңгейге көтердік деген кішігірім дөңгелек үстел өткізіп, аталған мәселелер бойынша қорытынды жасадық. Сондағы нәтижеміз, Гүлзат Қалымова, Аяжан Сұраған, Кәусар Нұрпейіс қазан айында өткен «Ақ бота» зияткерлік марафонына қатысып, сертификат иегерлері болды. Ал аудандық «Кросс – 2015» желаяқтар жарысында Гүлзат Қалымова жүлделі 2 орынды жеңіп алды.

Ақпан айында өткен мектепішілік «Екі жұлдыз» байқауында оқушымы Камила Дінәш өз сынып жетекшісімен жүлделі 2 орынға ие болды.

Және бір ерекше тоқталатыным, Гүлзат шәкіртім «Математика для всех» халықаралық зияткерлік байқауына қатысып, жүлделі 3 орынмен марапатталды. Аяжан есімді оқушымы аудандық «Живая классика» байқауында 2 орын тұғырынан көрінді. Өзім сабақ беретін 10 сыныптың оқушысы Асылзат Қалымова аудандық пен олимпиадасында математика пәні бойынша жүлделі 3 орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, оқушыларымыздың барлығы Тоты Жаңысова жетекшілік ететін халықтық домбыра ансамблінің мүшелері, мектепішілік шаралардың белсенділері.

Ұстаз ретінде мен үшін сыныбымның білімді, өнерлі, озат болғаны үлкен мақтаныш. Мен шәкірттерімнің жарқын болашағына нық сенімдімін. Олардың таза білім алып, өнер деген киелі әлемнен рухани күш алып, болашақтың тұтқасын ұстар нағыз елжанды азаматшалар болып өсетініне сенемін. Оқушыларым алдағы оқу жылында және өмір жолында биік белестер мен абыройлы асуларды бағындырсын деген ақжарма тілегім бар.

Зураш ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Дәуқара ОМ-нің математика пәнінің мұғалімі.

Еске алу

О, жалған дүние-ай! Адамның өмірі қас пен көздің арасындай ғана уақыт екен-ау. Сарыөзек ауылында дүниеге келіп, Казанка ауылдық округіне қарасты Всеволодовка (Қарамойыл) ауылында ғұмыр кешкен асыл жарым, асқар таудай әкеміз, ардақты атамыз **Құрмаш Жетібәев** осыдан он алты жыл бұрын 63 жасында дүниеден озды.

Көп жылдар бойы мал шаруашылығында мал дегігері қызметін атқарып, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтардың бірі болды. Соңында қалған ауылы жары мен ұрпақтары сүйікті әкемізді, атамызды бір сәтке де естен шығармай, баталы күндерінде дұғамызды бағыштап, есімізге алып, әлі күнге дейін бізді жебеп, пәле-жаладан қағып келе жатқан оның рухына тағзым етудеміз.

Қайтейік, тағдыр салған іске шара жоқ қой. Тірі жанның тірлігі таусылған ба, қайырын артындағы балалары мен немерелері, біздерге берсін дей отырып, ардақтымызға о дүниенің жарығын, иман байлығын, бақилық жан тыныштығын тілейміз.

Қазіргі кезде қымбаттымыз ортамызда тірі жүрсе, 20 мамыр күні 79 жасқа толып, бала-шағасының ортасында масайрап отырушы еді ғой. Бұл қызық-қуаныштың бұйырмағаны жанымызға батады. «Орнында бар оңалар» демекші, біз, соңында қалған ұрпақтары қымбаттымыздың жарқын бейнесін әрдайым жадымызда сақтаймыз. Асыл жарымның, асқар таудай әкеміздің, ардақты атамыздың топырағы торқа, иманы жолдас болуын Бір Алладан тілейміз.

**Асқар әке, ұрпақпен мың жасаңыз,
Намаз сайын дұғамызға қосамыз.
Көңіл босап, сағынышты іштегі,
Жаратқаннан сабыр тілеп басамыз.**

Еске алушылар: зайыбы Көпей, балалары, немерелері, жиендері және шеберелері.

Саумалкөл қазақ орта мектебінің 11 «Б» сынып оқушылары, сынып жетекшісі және мектеп ұжымы 11 «Б» сынып оқушысы Джалилова Маликаға

әкесі Серіктің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші
Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА

Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.